ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 27 қараша №5265-23-00-2/2884 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Сатыбалдиева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдармалар басқармасының «Ардагерлер үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Таласпай» атынан Гүлімжан Нышанбайқызы Таласпай

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267–3, 267–4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдармалар басқармасының «Ардагерлер үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Таласпай» атынан Гүлімжан Нышанбайқызы Таласпай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Таласпай» атынан Гүлімжан Нышанбайқызы Таласпайдан мемлекет пайдасына 949,95 теңге (тоғыз жүз қырық тоғыз теңге) 95 тиын тұрақсыздық айыппұл және 1 753,50 теңге (бір мың жеті жүз елу үш теңге) 50 тиын мемлекеттік баж өндірілсін.

АПК-нің 267–4-бабының 2-бөлігіне сәйкес жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 27.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 05.01.2024, судья Сатыбалдиева А. К., 05.01.2024
5265-23-3-1/3264

көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Қ.Сатыбалдиева**

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 27.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.01.2024, судья Сатыбалдиева А. К., 05.01.2024

5265-23-3-1/3264